

ҰЛТ БОЛМЫСЫ



Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 3 (68)
НАУРЫЗ 2019

Әбдіжәміл
НҰРПЕЙІСОВ:
“ҚАЗАҚТЫҢ
ЧЕХОВЫ”
4-БЕТ

Сұлеймен
ШАТЫАН:
“БҰЛТСЫЗ КҮНГІ
НАЙЗАҒАЙ”

12-БЕТ

Қали СӘРСЕНБАЙ:
“ЖАЗУШЫНЫҢ
ЖҮРЕГІ”
16-БЕТ

Рахымжан
ОТАРБАЕВ:
“БАС” романы
72-БЕТ

**Рахымжан Отарбаев:
«Сіздермен қанаттас өмір
сүргеніме бақыттымын»**



Рахымжан ағамен менің таныстырым 2003 жылы Қызылорда қаласында басталды. Құман Тастанбеков ағамыз екеуміз 2-3 күнге тойға барғанбыз. Рахымжан аға да сол кезде Қызылордада еken. Пьесасы театрда қойылған болу керек. Алматыға қайтуға пойызға билет алып түр еken. Біз де вокзалға келген едік. Құман аға мен Рахымжан аға бір-бірін танитын. Вагонымыз бөлек болды. Бірақ, Алматыға жеткенше әңгімемізді айтып, шайымызды ішіп бірге келдік. Содан Рахымжан аға отыз күндей Алматыда болды. Күн сайын біргеміз. Мен жұмыстар алтыларда босаймын. Ағам «Босадың ба? Шай ішейік» деп хабарласатын. Отыз күн ішінде бауыр басып, ағамыз мен іні таптым, ағайын таптым деп қуанды. Сол сапарынан кейін менің білуімше және ағамыздың, айтуынша, бірде бір рет Алматыға маған айтпай келген емес. «Күтіп алайын, бос болмасам көлік жіберейін» десем, «Күтіп алатындар бар. Сен қасында жүрсөң болды» деп айтатын. Қасынан тастамай жүргүте тырысты.

Менің анамды төте деп ататын. Бір сапарында үйге келе алмаса, «келесіде міндettі түрде барамын» деп анама сәлем айтып жіберетін.

Айбек ОСМҰХАМБЕТОВ,
Inici,

ЖЕНГЕМІЗБЕН ӘҢГІМЕЛЕРИ ТАУСЫЛМАЙТЫН

Екеуі арқа-жарқа болып ұзақ әңгіме айтатын.

2005-2006 жылы болу керек ағамыздың үлкен бір шенеунік досының қабылдауында болдық. Ағамыздың ұсыныс таstadtы. Алматыдағы үлкен драма театрынан директор қызметтің ұсынды. Ол жерде отырган басшы азамат Раханмен аға-іні деген қатынаста, сыйластықтағы кісі еді. Рахаң соңда бас тартты. Мені қинама, оның орнын тартып алғандай боламын деді. Сол кездесуде бізге сол қызметтеп отырган жігітті бәрібір қозғайтындарын айтты. Содан, шыға салып театрга келдік. Келіп, әлгі азаматқа өзін қозғайын деп жатқанын, дайын отыруы керек екенін айтты. Мұны мен азаматтық деп қабылдадым.

Ағамыз ете балажан болды. Сыртта жүрген кезде үйдегі қыздарымен, жеңгемізben сағаттап сөйлесетін. Өзім қасында отырып қызығатынмын. Әңгімелері таусылмайтын. Сырт көзге қатал көрінгенімен, балаларына деген көзқарасы басқаша болды. Ұсақ-түйекке мән бермейтін. Жеңгеміз бабын жасап, жағдайын жақсы жасаушы еді. Алматыға келгенде үйдегі күтімнің жақсы екені жүзінен көрініп тұратын.

